**"Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 1600 қаулысы Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.18. N 268 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған Индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қыркүйектегі N 1398 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 8 желтоқсандағы
N 1600 қаулысымен
бекітілген

**"Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары**

**2001 ж.**

**1. Қазақстан почтасының миссиясы**

Осы "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) дамыту жоспары Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңдарына, "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қыркүйектегі N 1398 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 1716 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының почта саласын дамыту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Почта байланысы желісі ел үшін маңызды миссияны - азаматтардың ақпарат

алуға, таратуға және беруге конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету миссиясын орындайды.

Нарықтық экономиканың дамуы және қоғамды ақпараттандыру кезеңінде почта байланысы ақпараттық инфрақұрылымның кәсіпкерліктің, қаржылық қызмет көрсетулердің, бағалы қағаздар рыногының, ақпаратпен алмасудың дамуына жәрдемдесетін маңызды элемент болып келеді. Почта халықтың көпшілігіне қызмет көрсетіп, ғылымның, білімнің және мәдениеттің дамуына жәрдемдесе отырып, үлкен әлеуметтік жүктемені көтеріп отыр. Саланың әлеуметтік маңыздылығы сонда жұмыс істейтін, көбісі әйелдерден тұратын қызметкерлердің санымен де сипатталады.

Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың стратегиялық мақсаты қазіргі заманғы технологиялар мен халықаралық ынтымақтастықтың озық нысандары негізінде кең ауқымды почталық та, қаржылық та қызметтерді ұсынатын тиімді почта-жинақ жүйесін қалыптастыру болып табылады. Почта-жинақ жүйесін қалыптастырудағы таңдалған стратегияның тиімділігі әлемнің жетекші почта әкімшіліктерінің тәжірибесімен расталады. Қоғамның жоспарланып отырған дамуының негізіне мынадай қызмет көрсету түрлерін дамытуды күшейтуге негізделген жапондық және голландиялық почта-жинақ жүйелерінің модельдері салынған:

- почта жинақтары (депозиттер);
- почталық ақша аударымдары;
- почталық қолма-қол ақшасыз аударымдар;
- трансфер-агенттік (бағалы қағаздармен операциялар).

Жапон почта әкімшілігі Жапонияның жетекші қаржы институттарының бірі болып табылады, оның тартылған депозиттерінің ағымдағы айналымы шамамен 259 970 миллиард йенді құрайды, оның ішінде 99,6% тұрғындардың салымы. Нидерланд Корольдігінің почта-жинақ жүйесі қаржылық қызмет көрсетудің ішкі рыногында алғы орында, оның қызметтерін елдің жасы үлкен тұрғындарының 80% пайдаланады. Қазақстанның почта саласы үшін осы почта әкімшіліктерінің қалыптасу және даму тәжірибесі айрықша бағалы болып табылады, себебі осы почта әкімшіліктерінің қызмет мақсаты қоғамның көпшілігіне сенімді және қол жеткізімді почта-жинақ қызмет көрсетулерін ұсыну арқылы экономиканы тұрақтандыруға және халықтың әл-ауқатын арттыруға ынталану болып табылады .

Қоғам мынадай кең ауқымды почталық және қаржылық қызмет көрсетулерді жүзеге асырады:

1) жазбаша хат-хабарлар мен жолдама заттарды қабылдау және жеткізу;

2) мерзімдік басылымдарға жазылуды қабылдау, оларды жіберу, тасымалдау, жеткізу және бөлшек сауда арқылы сату;

3) аударым операциялары;
4) зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу;
5) EMS Kazpost курьерлік қызмет көрсетуі;
6) тікелей почта жарнамасы бойынша қызмет көрсету;
7) филателиялық қызмет көрсету;
8) коммуналдық және басқа да қызмет көрсетулер үшін төленетін төлемақыны қабылдау;
9) халықтан депозитке ақша қабылдау;
10) валюта айырбастау операциялары;
11) кассалық және инкассаторлық қызмет көрсету;
12) бағалы қағаздар рыногында брокерлік қызмет көрсету;
13) агенттік қызмет көрсету;
14) трансфер-агенттік қызмет көрсету;
15) күнделікті сұраныс тауарларын, лотерея билеттерін сату.

Қоғам қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасында кең ауқымды почталық, қаржылық және агенттік қызметтер көрсететін және өзінің почта бөлімшелері желісі арқылы халық тұтынатын тауарларды сату функцияларын ұсынатын почта-жинақ жүйесін құру болып табылады. Міне осылай, Қоғамның негізгі қызметі почта-жинақ қызмет көрсетулерін ұсыну болып табылады.

Қоғамның алдына қойылған мақсат мынадай мәселелерді шешуді көздеп отыр:

1. Қажетті нормативтік құқықтық база құру және оны жетілдіру.

2. Ақпараттық инфрақұрылым құруды көздейтін және аса сенімді, жоғары жылдамдықты, құпиялылығы сақталған ақпараттың берілуін ұйымдастыруға, дәстүрден тыс жаңа қызмет түрлерін (соның ішінде почта-жинақ қызметтерін) игеруге және ақпараттарды өңдеудің біртұтас компьютерлік орталығын құруға бағытталған почта байланысын ақпараттандыру.

3. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу және жеткізу, коммуналдық төлемдерді жинауға байланысты жоғалтқан функцияларын почта саласына кері қайтару.

4. Корпоративтік клиенттермен жұмыс істеу, почталық қызметтің жаңа түрлерін игеру арқылы почта жөнелтімдерінің нақты көлемдерін тұрақтандыру және одан әрі ұлғайту.

5. Қазіргі заманғы технологияларды қолдану, почта жөнелтімдерінің жүріп өтуін бақылау, басқарушылық шешім қабылдаудың және оны іске асырудың жаңа құрылымы мен технологиясына өту арқылы почта саласының жұмыс сапасын арттыру.

6. Халықтың артық ақшаларын бағалы қағаздар рыногы арқылы экономиканың нақты секторын дамытуға тарту мақсатында депозиттерге салуды

көздейтін почта-жинақ ісін ұйымдастыру және дамыту.

7. Қаржылық қызмет көрсетудің жаңа түрлерін (бағалы қағаздар рыноғындағы трансфер-агенттік қызмет көрсету, брокерлік қызмет көрсету және т.б.) дамыту.

8. Почта саласы үшін кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін құру.

9. Почта жөнелтімдерінің сақталуына кепілдік беруді және почта байланысының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс қазіргі заманғы почта қауіпсіздігі жүйесін құру.

10. Қазақстан Республикасының почта саласын дүниежүзілік почта жүйесімен біріктіруді одан әрі тереңдету, шетелдік почта әкімшіліктерінің озық жетістіктерімен танысу және енгізу.

Жоғарыда аталған мәселелердің шешілуіне қарай, Қоғамның үш даму сценарийі қаралады:

Оптимистік сценарий - Қоғамға зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі функцияларды толық беруді қоса алғанда, алға қойылған барлық мақсаттарды табысты іске асыру, шағын несие беруді және трансфер-агенттік қызмет көрсетуді қоса алғанда, барлық қаржылық қызмет көрсетулерді жүргізу мүмкіндігін алу және осының негізінде кірістің өсуі, ұсынылатын қызметтің өзіндік құнының төмендеуі және саланың орнықты рентабельділікке қол жеткізуі.

Реалистік сценарий - Қоғамның қазіргі жай-күйіне сәйкес келеді.

Пессимистік сценарий - Қоғам Ұлттық Банктің банк операцияларын жүзеге асыруға берілетін лицензиясыз, зейнетақы төлеу және бағалы қағаздармен операциялар жүргізу функциялары берілмеген почта кәсіпорны ретінде қызмет атқарады.

## Кәсіпорынның сипаттамасы

Қоғам мемлекет 100% қатысатын және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнының құқықтық мұрагері болып танылатын ашық акционерлік қоғам. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 30503-1910-АО.

Қоғамның құрылтайшысы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Қазақстанның почта жүйесінің ұйымдық құрылымы негізгі 4 деңгейден тұрады. Бірінші деңгей - облыстық филиалдарға тікелей басшылықты, почта жұмысын республикалық деңгейде ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыратын және почтаны халықаралық деңгейде білдіретін орталық аппарат. Екінші деңгей 20 облыстық филиалды біріктіреді. Үшінші деңгейді облыстық

филиалдарға бағынып, аудандар мен қалалар аумақтарында почта жөнелтімдерінің барлық түрлерінің қабылдануын, өңделуін, тасымалдануын және табыс етілуін қамтамасыз ететін почта байланысының 21 қалалық торабы мен почта байланысының 146 аудандық тораптарынан тұрады. Төртінші, ең көп санды деңгей - 3430 почта байланысы бөлімшесі (қалаларда 579 және ауылдық жерлерде - 2851).

Қоғамда мынадай лицензиялар бар:

- банк заңнамасында көзделген, теңгемен және шетел валютасымен операциялар жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 14 лицензиясы;
- күзет қызметімен айналысуға: азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға; меншік иелерінің мүлкін, соның ішінде мүлікті тасымалдау кезінде күзетуге арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2000 жылғы 4 мамырдағы ГС N 007583 лицензиясы;
- почта жөнелтімдерін, жедел почтаны қабылдау, тасымалдау және жеткізу жөніндегі кәсіпкерлікпен қызметпен айналысуға арналған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2000 жылғы 6 мамырдағы N 0001188 лицензиясы;
- бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға арналған Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 29 наурыздағы N 0401200225 лицензия.

Қоғам негізгі қызметтен және негізгі емес қызметтен кіріс алады, бұлар оның жиынтық кірісін құрайды.

Негізгі қызметтен кіріс мынадай түрде бөлінеді:

- негізгі почталық қызмет көрсетулер:

почталық төлемнің сатылған мемлекеттік белгілері үшін;

жазбаша хат-хабарды және бандерольдерді (ҚР ішінде, ТМД, алыс шетел (АШ)) жіберу үшін;

жолдама заттар үшін (ҚР ішінде, ТМД, АШ);

мерзімдік басылымдарға жазылу үшін (ҚР ішінде, ТМД);

конверттерді сату;

открыткалар мен почта карточкаларын сату;

жедел почта қызмет көрсетулері;

каталогтар бойынша почтамен тауарларды жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулер;

басқа да почталық қызмет көрсетулер;

- қаржылық қызмет көрсетулер:

заңды және жеке тұлғаларға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуден кіріс;

банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау, жіберу

жөніндегі қызмет көрсетулер;
шетел валютасын айырбастау операциялары жөніндегі қызмет көрсетулер;
қаржы активтерін орналастырудан кіріс;
бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызмет (брокерлік қызмет көрсетулер, консалтингтік қызмет көрсетулер үшін комиссиялық сыйақылар және т.б.) ақша аударымдары үшін (ҚР ішінде, ТМД, АШ);
- мыналарға агенттік қызмет көрсетуден комиссиялық кіріс:
сақтандыру компанияларына;
зейнетақы жинақтаушы қорларына;
инвестициялық және брокерлік компанияларға;
екінші деңгейдегі банктерге;
- басқа да кірістер:
мүлікті жалға беруден кіріс;
халық тұтынатын тауарлардан саудалық түсім;
газеттерді бөлшек сауда арқылы сату;
лотерея билеттерін сату;
абонементтерді, жетондарды сату;
филателия тауарларын сату;
факсимильдік байланыс қызмет көрсетуінен кіріс, құжаттарға көшірме жасау;
Интернет;
жедел ақша аударымдары жөніндегі қызмет көрсетулер (Western Union);
Негізгі емес қызметтен кіріске мыналар жатады:
оң бағамдық айырмашылықтан кіріс;
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан кіріс;
бөгде ұйымдарға көліктік қызмет көрсетуден кіріс;
негізгі құралдарды (НҚ) өтеусіз алу;
бөгде ұйымдардан өтеусіз қаржылық көмек алу;
тоқтатылған операциялардан кіріс;
басқа да кірістер.
Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің талаптарына сәйкес почта байланысының қызмет түрлеріне және табиғи монополия саласына жататын қызмет көрсету түрлеріне мыналар жатады:
- қарапайым хатты жіберу;
- тапсырысты және бағалы хатты жіберу;
- қарапайым, тапсырысты және бағалы бандерольді жіберу;
- карточкаларды жіберу;
- мерзімдік басылымды жеткізу, жіберу.
Почта жөнелтімдерін өңдеу. Почталық байланыс бөлімшелерінде қолданылып

жүрген технологиялардың көбісі 1970 жылдардан бері сақталып келеді. Хат-хабарларды өңдеу операцияларының басым көпшілігі қолмен атқарылады. Халықаралық почтаны өңдеу үшін 3 халықаралық почта алмасу орны, сондай-ақ шетелдік почта әкімшіліктерімен халықаралық почта алмасатын 5 пункт ұйымдастырылған.

Почта жөнелтімдерін тарату. Қабылданған почта жөнелтімдерін жөнелтушіден адресатқа дейін жеткізу әуе көлігімен, қоғамның өз автокөлігімен, почта вагондарымен және авиакөлікпен жүзеге асырылады. Почтаның ішкі аудандық және ішкі облыстық бағыттарында пайдаланылатын меншікті автомобильдер паркі бар, оның жылдық жүрісі 34,5 млн. км, алайда ол толығымен ескіріп бітуге жақын. Қоғамда негізінен ескірген, әр түрлі маркалы 880 автомобиль бар. Автомобильдердің 50% амортизация толық есептелген, шамамен 30% табиғи тозу шегінен асқандықтан жөндеуден өткізілуде, оларды тұрақты техникалық дайындықта ұстау аса үлкен материалдық шығындар жұмсауды талап етеді. 2001 жылы автокөліктің 487 бірлігі есептен шығаруға жатады.

Авиакөлік қымбат болуына және сапарларының тұрақсыздығына байланысты барлық бағытта қолданыла бермейді. Паркі 51 почта вагонынан тұратын темір жол көлігі - таратудың негізгі құралы болып табылады. Қоғам Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Қытаймен жер беті көлігі арқылы; Ресеймен , Ұлыбританиямен, Германиямен, Нидерландпен, Израильмен, Иранмен, Қытаймен, Түркиямен, Тәжікстанмен және Түркменстанмен әуе көлігі арқылы почта алмасады; бұдан басқа, Қырғызстанға, Өзбекстанға, Қытайға, Ресейге, Германияға, Белоруссияға, Украинаға және Литваға транзит береді.

Республика аумағымен жолаушылар поезының құрамында 9 бағыт бойынша почта вагондары жүреді. Почта вагондары 15-25 жыл бойы пайдаланылып келеді және соңғы 10 жыл ішінде олардың жабдықтары, құрал-саймандары мен тұрмыстық құралдары жаңартылмаған. Астана қаласы Почта тасымалдау бөлімшесінің теміржол тұйығындағы кіру-шығу жолдары күрделі жөндеуді талап етеді.

Жазбаша хат-хабарларды жеткізуді жеке абоненттік жәшіктер жүйесі арқылы хат тасушылар жүзеге асырады, ал почталық жөнелтімдердің басқа түрлері - олар туралы адресаттарды алдын ала хабардар ету арқылы байланыс бөлімшелерінің өздерінде табыс етіледі.

Ақша аударымдары. Қазіргі кезде почта аударымдары облыс орталықтары мен облыстық бағыныстағы аздаған қалалар арасында электрондық почтаны пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Алайда, аудан және облыс ішіндегі почта байланысы бөлімшелері компьютерлермен жабдықталмағандықтан және ақпараттық желісімен қамтылмағандықтан олардың арасында почталық

аударымдардың жүріп өту уақыты көбінесе ұзаққа созылып кетеді. ТМД елдерімен (Өзбекстаннан басқа) және қашықтағы 14 шетел мемлекеті арасында халықаралық почта аударымдарымен алмасу жүргізіледі. 1999 жылы Швейцариямен, Эстониямен, Латвиямен, Түркиямен, Қытаймен және Канадамен; 2000 жылы Германиямен почталық аударымдармен алмасуға жол ашылды; 2001 жылы Жапониямен ақшамен алмасуды жолға қою жоспарланып отыр.

## 2. Қоғамның 1998-2000 жылдардағы өндірістік-қаржылық дамуын талдау

### 2.1. Почта саласының қазіргі жай-күйін және қызмет нәтижесін шолу

Көптеген жылдар бойы почта байланысы қаржыландырудың қалдық қағидаты бойынша дамыған, бұл клиенттердің оның қызмет көрсетулеріне мұқтаждығынан сала мүмкіншілігі едәуір қалып қоюына әкеліп соқты.

1993 жылға дейін почта және электр байланысы Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі құрамында біртұтас "Байланыс" саласын құраған. Бұл кезеңде почта саласы пайдалы болып, одан түскен табыс электр байланысын дамытуға жұмсалған. Бұл орайда негізгі табыс зейнетақылар жеткізуден, телефон және телеграф байланысы қызметтерін көрсетуден қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 259 қаулысымен электр байланысы және почта бір-бірінен бөлінді. Телекоммуникациялар жаңа құрылған Мемлекеттік республикалық телекоммуникациялар кәсіпорнына беріліп, почта қызмет көрсетулері - Почта байланысы қызметінің қарамағына қалдырылды.

Бұдан былай, 1995 жылдың қарашасында Мемлекеттік почта Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорны болып қайта құрылып, дербес шаруашылық субъектісіне айналды.

"Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу және жеткізу тәртібін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 1149 қаулысымен, зейнетақыларды жеткізу және төлеу бойынша көрсетілетін қызметақысы үш есе (1,8 пайыздан 0,6 пайызға дейін) азайды және көптеген қалаларда қызмет көрсетудің бұл түрлері Қазақстанның Халық банкі құзырына берілді. Соның нәтижесінде қызмет көрсетуден алатын табыс үлесі 37 пайыздан 5 пайызға дейін күрт төмендеді.

Осылай, байланыстың табысы жоғарылау қызмет түрін басқа операторларға беру нәтижесінде Қоғам қызметінің табыстылығы күрт төмендеді. Алдыңғы жылдардағы шығынды жұмыстың нәтижесінде 2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жабылмаған шығын 220,4 млн. теңгені құрады, әрі шығын Қоғамның негізгі почталық қызметінен ғана болған.

"Артур Андерсен" ЖАҚ тәуелсіз аудиторлық компаниясының Қоғамның 1999

жылдағы жұмысына өткізген аудитінің қорытындылары бойынша жылдық баланс және қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы есеп баптарына өзгерістер енгізілді, осының нәтижесінде баланста 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғамның таза табысы ретінде көрсетілген 46 154 мың теңге сомасындағы түсім 132 904 мың теңге сомасындағы шығын болып өзгертілді. Осының салдарынан "Қазпочтабанктің" 29 729 мың теңге сомасындағы берешегіне, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары бойынша экологиялық төлемдерге 62 000 мың теңге сомасындағы өтемақыға күдікті қарыздар бойынша қосымша резервтер құрылды, сондай-ақ кірістен 87 329 мың теңге сомасындағы кіріске қателікпен жатқызылған қайта бағалау қорының да сомасы алып тасталды.

Негізгі құралдардың тозуы және почтаның техникалық прогрестен жүйелі түрде артта қалуы көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуіне және соның салдарынан клиенттердің одан әрі жылыстауына әкеліп соқты. Почтаның зейнетақыны, жәрдемақыны жеткізу, халықтан мемлекеттік бюджетке түрлі төлемдер жинау сияқты табыс көздерінен айырылуы, сонымен қатар почта рыногына балама қызметтер (электрондық почта және т.б ) ұсынатын бәсекелестердің енуі жағдайды одан әрі күрделендіре түсті.

Почтаны реформалау банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыруға Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнына лицензия беру туралы мәселені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне карауға ұсынған, "Почта саласын тұрақтандыру және қаржылай сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 661 қаулысы қабылданғаннан кейін 1999 жылдың жазынан бірден басталды.

1999 жылдың екінші жартысында құрылымдық қайта құру шеңберінде почта байланысының еншілес кәсіпорындары филиалдар болып қайта тіркелді, мұның өзі қызметтің жаңа түрлерін аймақтарға жоспарлы енгізуге, саланы басқаруды ретке келтіруге, орталық аппараттың басқарушылық және үйлестірушілік функцияларын күшейтуге және үстеме шығыстарды азайтуға жағдай туғызды.

Осы шараларды қабылдау почтаның көрсететін қызметтер тізбесінің кеңеюіне жәрдемдесті. Дәстүрлі почталық қызмет көрсету түрлерінен басқа - валюта айырбастау операциялары, халықтан депозиттер қабылдау және алынған қаржыны мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру кассалық қызмет көрсету, инкассация және ақшалар мен құндылықтарды тасымалдау, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында брокерлік қызмет көрсету, клиенттерді тарту және шарттар жасасу бойынша зейнетақы жинақтаушы қорларына, сақтандыру компанияларына және инвестициялық қорларға агенттік қызмет көрсету, бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызмет көрсету сияқты жаңа бағыттар пайда болды. Халықаралық жедел почта, ұлттық жедел почта сияқты қызметтер

ұйымдастырылды.

Тиімді өндірістік-қаржылық қызметтің, почта-жинақ жүйесін дамыту және қызмет көрсету сапасын жақсарту нәтижесінде Қоғам 2000 жылды мынадай көрсеткіштермен аяқтады:

Қызмет көрсетулер мен тауарларды сатудан жалпы кіріс шамамен 3067 млн. теңгені құрады, мұның өзі 1999 жылдың деңгейінен 28% жоғары. 2963 млн. теңге сомасына шығын жұмсалды, ұлғаю өткен жылмен салыстырғанда 30% құрады. Қоғамның таза табысы 2000 жылы 2189 мың теңгені құрады (1-кесте).

2000 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиясының негізінде Қоғам халықтан депозиттер қабылдай бастады. Алайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 794 қаулысына сәйкес Қоғам жеке тұлғалардан тартып отырған қаражат мемлекеттік бағалы қағаздардың тек бірінші немесе екінші рыноктарына орналастырылуы тиіс, бұл тартылған қаражаттың қайтарымдылығына кепілдік береді.

Қоғам депозиттер бойынша сыйақы ставкаларын мемлекеттік бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялардың табыстылығына қарай және, әдетте, коммерциялық банктердің осы тәріздес ставкаларынан төмен белгілейтінін атап өткен жөн, мұның өзі депозиттер рыногында Қоғамның бәсекеге түсуі мүмкіншілігін едәуір шектейді. Қоғам депозиттерге тартылған қаражатты мемлекеттік бағалы қағаздардан басқа, KASE листингінің А санатына енгізілген корпоративтік бағалы қағаздарға орналастыруға Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның рұқсатын алуды мақсат тұтып отыр.

**1-кесте**

**(млн. теңге)**

| Баптардың атауы | 1998 ж. | 1999 ж. | 1998 жылға шаққанда 1999 жылғы өсу/кему | 2000 ж. | 1999 жылға шаққанда 2000 жылғы өсу/кему |
|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі қызметтен түсетін табыс | 1 835 | 1 997 | 9% | 2 820 | 41% |
| Почталық қызмет көрсетулер | 1 215 | 1 255 | 3% | 1 814 | 45% |
| Қаржылық қызмет көрсетулер | 438 | 479 | 9% | 662 | 38% |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Арнайы байланыс қызмет көрсетулері | 82 | 183 | 123% | 202 | 10% |
| ХТТ саудасынан түсімдер | 100 | 80 | -20% | 142 | 78% |
| Негізгі емес қызметтен түсетін табыс | 120 | 390 | 225% | 247 | -37% |
| Басқа да негізгі емес қызмет | 120 | 390 | 225% | 247 | -37% |
| Жиынтық табыс | 1 955 | 2 387 | 22% | 3 067 | 28% |
| Негізгі қызмет шығыстары | 1 872 | 2 069 | 11% | 2 919 | 41% |
| Банк қызметіне байланысты шығындар | 0 | 0 | | 25 | 0% |
| Өндірістік өзіндік құны | 1 373 | 1 480 | 8% | 1 948 | 32 |
| Кезең шығыстары | 499 | 589 | 18% | 971 | 65% |
| Негізгі қызметтен табыс (шығын) | -37 | -72 | -95% | -99 | -38% |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі емес қызметтен шығыстар | 45 | 211 | 369% | 44 | -79% |
| Жиынтық шығыстар | 1 917 | 2 280,0 | 19% | 2 963 | 30% |
| Негізгі емес қызметтен табыс (шығын) | 75 | 179 | 139% | 203 | 13% |
| Күдікті қарыздар бойынша провизия | | 224 | | 80 | -64% |
| Салық салынғанға дейінгі түсім | 38 | -117 | -308% | 24,0 | 120% |
| Күтпеген баптар | | | | | 5,0 |
| Салық төлемдері | 28 | 16 | -43% | 17,0 | -6% |
| Салық салынғаннан кейінгі табыс | 10 | -133 | -1330% | 2 | 101 |

Қазіргі уақытта Қоғам аудандық маңыздағы қалалар мен ауылдық аудандарға зейнетақыларды, жәрдемақылар мен адрестік әлеуметтік көмекті жеткізе отырып, "Қазақстан Халық Жинақтаушы Банкі" ЖАҚ-тың көмекші агенті ретінде қызмет атқаруда. Алайда көп жылдық тәжірибесі, республика тұрғындары тарапынан сенім және ең көп таралған филиалдар желісі Қоғамға тұрғындарға осы қызмет түрлерін дербес көрсетуге мүмкіндік береді.

## 2.2. Қызмет көрсетулерге арналған тарифтер динамикасы

Почта байланысының қызмет көрсетулері үлкен әлеуметтік-саяси маңызға ие болғандықтан бұрынғы КСРО үкіметі тарифтерді іс жүзінде өзіндік құны деңгейінде ұстады. Тоқсаныншы жылдары почта байланысының қызмет көрсетулеріне төлемге қабілетті сұраныстың құлдырауы почта жөнелтімдерінің нақты көлемінің құлдырауына әкелді. Ұдайы шығындардың үлесі едәуір жағдайда өндіріс ауқымы қысқарған кезде тарифтер шығынды болып қалды. Сонымен қатар, негізгі почта қызмет көрсетулеріне арналған тарифтер халықтың төлемге қабілеті төмен болғандықтан, сондай-ақ почта мемлекет кепілдік берген әлеуметтік маңызды функцияны - бүкіл халыққа қол жеткізімді почта қызметтерін көрсету функциясын алып жүретіндіктен, едәуір ұлғайтылуы мүмкін емес. Осыған байланысты Қазақстанның аймақтары бойынша тарифтерді саралау қажеттілігі туындайды.

Халықаралық почта жөнелтімдерін жіберу тарифтері Дүниежүзілік почта одағының 1994 жылғы актілеріне сәйкес белгіленген және 1999 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілген.

Қоғам Қазақстан Республикасының аумағы бойынша почта жөнелтімдерін жіберу жөнінде қызмет көрсету саласында табиғи монополия субъектісі болып табылады, осыған тарифтер 1998 жылғы 1 сәуірден бастап өзгермеген. Жоғары жылдамдықты байланыс түрлеріне балама тәсілдер мен телекоммуникация кешенін дамыту халықтың және корпоративтік клиенттердің жаңа байланыс түрлерін кеңірек пайдалануына мүмкіндік туғызды, мұның өзі іскерлік хат- хабар мен жеке хат алмасу көлемін едәуір қысқартты. Бұдан басқа, жаңа, атап айтқанда , қаржылық қызмет көрсету түрлерін ендіруге байланысты, сондай-ақ шығатын ақылы алмасудың төмендеуі себебінен монополияға қарсы заңнамамен реттелетін қызметтерді көрсетуден түсетін кірістің жеке салмағы Қоғамның жиынтық кірісінде едәуір төмендегенін атап өткен жөн. Мәселен, егер 2000 жылы Қоғамның жиынтық кірісі 3067 млн.теңгені құраса, аталған қызмет көрсетулер бойынша кіріске 939,8 млн.теңгені құрайды, мұның өзі Қоғамның барлық кірісінен 30,6% құрайды. Міне осылай, монополияға қарсы заңнамамен реттелетін және кірісінің негізгі баптары болып табылмайтын қызметтерді көрсете отырып, Қоғам өз қызметінде аталған заңнамамен қатаң шектелген. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес берілген лицензиялардың негізінде қаржылық қызметтерді көрсетуге құқылы, бұл ретте осы кезде табиғи монополия жалпыға бірдей почталық қызмет көрсету рыногында (жай хаттарды, жай карточкаларды және жай бандерольдерді жіберу) ғана сақталған.

Осыған орай қолданылып жүрген монополияға қарсы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігі өзекті болып отыр.

## 2.3. Инвестициялық қызмет

Мемлекеттік бағалы қағаздарға қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар 1071 млн. теңгені құрады, бұл 1999 жылғы деңгейден 3,3 есе артық.

Инвестициялық қоржын құрылымы мынадай болған:

| (мың теңге) | Валюта | 2000 Номиналдық құны | 2000 Теңгерімдік құны | 1999 Номиналдық құны | 1999 Теңгерімдік құны |
|---|---|---|---|---|---|
| Қазынашылық вексельдері | Теңге | 310247 | 288638 | 51950 | 50209 |
| ҚР Ұлттық Банкі. нің ноталары | Теңге | 781558 | 779177 | 264190 | 262938 |
| Муниципальдық облигациялар | АҚШ доллары | 3207 | 3008 | 11222 | 10366 |
| | | 1095012 | 1070823 | 327362 | 323513 |

2000 жылы негізгі капиталға инвестициялар 1999 жылмен салыстырғанда 131% көбейіп, 180,9 млн.теңгені құрады, соның ішінде:

- ғимараттар мен құрылыстар - 59,6 млн.теңге;
- машиналар мен жабдықтар - 31,2 млн.теңге;
- көлік құралдары - 77,4 млн.теңге;
- басқа да негізгі құралдар - 12,7 млн.теңге.

Қоғам несиелік ресурстар мен өз қаражаты есебінен автомобильдер, инкассация қызметі үшін броневиктер, компьютер жабдығын, жиһаз сатып алды, әкімшілік ғимараттарына жөндеу жүргізді.

## 2.4. Бюджетпен өзара қарым-қатынас

Почта байланысы қызметінің ерекшелігі - почта жөнелтімдерін қабылдаудың, тасымалдаудың және жеткізудің технологиялық процесінің үздіксіздігінде. Қоғам 1995 жылдан бастап табысқа салық бойынша орталықтандырылған тәртіпте республикалық бюджетпен есеп айырысуды дербес жүзеге асыруда. Жергілікті салықтарды филиалдар дербес төлейді.

Қоғам барлық салық түрлері бойынша салық төлеуші болып табылады. Мәселен, 2000 жылы қосымша құн салығы түрінде 35,3 млн.теңге, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы 9,3 млн.теңге сомасында төленді. Бұдан басқа, Қоғам өткен жылдардағы мерзімі кешіктірілген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің көлемін төмендету бойынша ұдайы жұмыс жүргізеді, яғни

2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мерзімі кешіктірілген салықтардың сомасы 52,9 млн.теңгені құрады, оның ішінен 2000 жылдың аяғында 36,5 млн.теңгесі өтелді.

## 2.5. Рыноктарды маркетингілік зерттеу

Қазіргі уақытта Қоғам почталық қызмет көрсетулер рыногында үстем орында және 2001 жылы осы жағдай сақталады. Почталық қызмет көрсету саласында Қоғамда салмақты және қауіпті бәсекелестер әзірше жоқ, алайда "Қазбаспасөз", " Евразия Пресс", "Аргументы и факты", "Дауыс" баспасөзді тарату рыногында бәсекелестік құруы мүмкін. Курьерлік қызмет көрсету саласында Қазақстан рыногында "DHL ", "ҒedҒX", "UPS, "TNT", "Pony Express", "Direct Delivery" сияқты белгілі курьерлік компаниялар "EMS Kazpost" курьерлік қызметі құрылмас бұрын болған, соның салдарынан Қоғамға салмақты бәсекелестік құрады. "EMS Kazpost" екі-ақ жыл жұмыс істейтініне қарамастан, бұл қызмет тез дамып жатқан құрылым болып табылады және жетекші әлем компаниялары арасында өз орнын тапты. Қазіргі уақытта "EMS Kazpost" қызметі орын алған рынок үлесі қызмет көрсету желісін кеңейту және олармен ынтымақтастық жіберілетін және жеткізілетін жедел жөнелтімдер көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін жаңа корпоративтік клиенттерді тарту есебінен тез өсуде.

Банк қызметтерін көрсету рыногында қатаң бәсекелестік Қазақстанның филиалдық желісі бар ірі банктері тарапынан білінеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2001 жылғы 1 қаңтарда осындай 26 банк болған.

Қоғамның қызмет көрсетулерін дамытудағы одақтастары да сол бәсекелестер, саланың ерекшелігі осында. Бүгінгі күні ең ірі әлемдік курьерлік DHL компаниясымен әріптестік келісімге қол қойылды, оның шарттарында DHL-дың Қазақстан Республикасының аумағында жөнелтімдерді қабылдауы және DHL желісі бойынша одан әрі жеткізуі, сондай-ақ кіретін халықаралық жедел жөнелтімдерді жеткізуі көзделген. Осындай ынтымақтастық DHL-дың 32-жылдық жұмыс тәжірибесін алуға және қызмет көрсету желісін әлемнің 228 еліне дейін кеңейтуге мүмкіндік береді. 2001 жылдың ішінде TNT, ҒedҒX, UPS курьерлік компанияларымен олардың кіретін жөнелтімдерін жеткізуге арналған шартқа қол қою жоспарланып отыр. Баспасөзді тарату саласында Қоғамға " Роспечать" агенттігі едәуір қолдау көрсетуде, агенттікпен ынтымақтастықта ресейлік және шетелдік басылымдарға жазылу қабылданады.

Бүгінгі күні анағұрлым ірі әріптестердің бірі "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ болып табылады, оған Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында салымшылардың жеке зейнетақы шоттарынан жыл сайынғы көшірмелерді салымшылардың тұрғылықты жері бойынша немесе жұмыс орны бойынша жеткізу жөнінде қызметтер көрсетеді. Жеткізілген көшірмелердің

көлемі жылына 1,5 - 3,0 млн. дананы құрайды. Бұдан басқа, Қоғам МЖЗҚ үшін жеке және заңды тұлғалармен зейнетақы шарттарын жасасу жөніндегі агент болып табылады.

Үкіметтік құрылымдармен, жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық Қоғам имиджінің артуына және рынокқа банкілік пен қаржылық қызмет көрсетулерді шығаруға жәрдемдеседі.

"Қазпочта" ААҚ-ның маркетингілік, өткізу және өндірістік (технологиялық) саясаты саласындағы анағұрлым маңызды міндеттерді алға қою, қолайлы сыртқы факторларды және тұтынушылар мен бәсекелестерге ықпал етудегі ішкі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, "Қазпочта" ААҚ-ның іскерлік белсенділігін арттырудағы басты бағыттарды анықтау "Қазпочта" ААҚ маркетингілік стратегиясының мәнін құрайды. Почта байланысының рынок субъектісі ретіндегі бірегейлігіне, үлкен даму әлеуетіне және бірыңғай корпоративтік стратегияны таңдау кезінде рынок көлеміне байланысты "Қазпочта" ААҚ дүниежүзілік почта индустриясының лидерлері әзірлеген және табысты сынамалаған мынадай әдістерді пайдалануды жоспарлап отыр:

1) Қалыптасқан бос емес рынокқа кіру үшін қажетті рынокқа кіру стратегиясы қазіргі заманғы почталық қызметтер көрсету, ақшалай аударымдар рыногын алу және кеңейту үшін пайдаланылады.

2) Кәсіпорын өз қызмет көрсетулерін өткізуді жаңа рыноктарды немесе рынок сегменттерін құру нәтижесінде кеңейтуді болжайтын рынокты дамыту стратегиясы жедел почта, инкассация қызмет көрсетулерін жылжыту үшін пайдаланылады.

3) Мүлде жаңа өнімдерді жасау немесе қазіргі өнімдерді модификациялау арқылы жүзеге асырылатын өнім әзірлеу стратегиясы тікелей мекенжайлық немесе мекенжайсыз жарнама бойынша қызметтер көрсету, Internet сауда үшін пайдаланылады.

4) Кәсіпорын жаңа рыноктарға шығуға тырысатынын және осы үшін өз ассортиментіне жаңа өнімдерді енгізетінін білдіретін диверсификация стратегиясы каталогтар бойынша сауда қызмет көрсетулерін (тауарларды почтамен) шығару үшін пайдаланылады.

5) Шығасыларды төмендетуде озық болу стратегиясы почталық қызмет көрсетулер сияқты бұқаралық сұраныска ие өнімдерді шығару кезінде анағұрлым тиімді. Бұл стратегия төмен бағаларға қарайтын тұтынушыларды тартады және сату көлемінің өсуі нәтижесінде рентабельділік өседі.

Маркетинг саясатын іске асыру кезінде ұсынылатын қызмет көрсетулердің өмірлік циклы ескеріледі. Өмірлік цикл кезеңдерінің ұзақтығы әртүрлі, ал кезеңнен кезеңге көшу баяу болатындықтан, "Қазпочта" ААҚ-ның маркетинг қызметі табыс пен түсім көлемінің өзгеруін ұдайы бақылайтын болады, дер

кезінде кезең шекараларын және рыноктың дамуында күтілетін үрдістерді анықтау және Қоғамның маркетинг бағдарламасына тиісті түзетулер енгізу үшін болып жатқан өзгерістердің себебін айқындайды.

**3. Қоғамды дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары**

Қоғамның 2001-2005 жылдардағы негізгі басымдылықтары:

1. Экономикалық және қаржылық тұрақтандыру - тәуелсіз көздерден несие желілері бойынша қаржыландыру, табысты арттыру есебінен қайтарымдылықты қамтамасыз ету.

2. Ел аумағының толық қамтылуын сақтау мақсатында аймақтық инфрақұрылымды жетілдіру.

3. Көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және номенклатурасын кеңейту болып табылады.

Нарықтық экономиканың қалыптасуы және қоғамды ақпараттандыру жағдайында почталық байланыс кәсіпкерліктің, қаржылық-жинақ қызметінің, бағалы қағаздар рыногының, ақпаратпен алмасудың дамуына ықпал ететін нарықтық және ақпараттық инфрақұрылымның маңызды элементі болып табылады. Қазақстан Республикасының ерекшеліктерін, аумағының кеңдігін, көлік желісінің жетілмегендігін, халық тығыздығының төмендігін және елді мекендердің бір-бірінен шалғай орналасқандығын ескере отырып, қазіргі заманғы почта-жинақ жүйесін құру қажеттілігі туындады.

Почта-жинақ жүйесін қалыптастыру мынадай іс-шараларды орындау арқылы жүзеге асырылады:

- Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында тұжырымдалған ұзақ мерзімді басымдылықтардың бірі - халықтың жинақ ақшасын арттырудың ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруға қатысу;
- зейнетақы реформасын қолдау. Зейнетақы реформасын қолдау ісіне қатысуда Қоғамның міндеті - ауылдық жерлерде тұрғындарға зейнетақы мен жәрдемақыларын уақытында жеткізу функцияларын қайтадан қалпына келтіру және осы негізде осындай әлеуметтік төлемдерді төлеуге арналған өз төлем жүйесін әзірлеу;
- мемлекеттік бюджеттік мекемелерге, көлік-коммуникация кешенінің кәсіпорындарына және басқа ұйымдарға еңбекақы, стипендия, жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша қызмет көрсету;
- салықтар және коммуналдық төлемдерді жинауды ұйымдастыру;
- салымдар бойынша пайыздарын автоматты түрде есептеу және бухгалтерлік есепте жүргізілетін операцияларды көрсету үшін Қоғамның бөлімшелерінде ашылған барлық дербес есепшоттарды орталықтандырылған түрде жүргізу;
- заңды тұлғаларға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуге байланысты екінші деңгейдегі банктерге агенттік қызмет көрсету;

- материалдық базаны және техникалық жарақтандыруды жақсарту;
- почта-жинақ желісін жетілдіру және соның негізінде қазіргі заманғы жеке төлем жүйесін құру;
- "Western Union" жүйесі бойынша ақша аудару.

Почта бұдан басқа, банк филиалдарының желісі нашар дамыған ауылдық жерлерде заңды және жеке тұлғаларға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету функцияларын орындайтын болады.

### 3.1. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіру

3.1.1. Почта жөнелтімдерінің нақты көлемін тұрақтандыру.

3.1.1.1. Хаттарды, бандерольдерді және жолдама заттарды жіберуге арналған почта жөнелтімдерінің жаңаша буылып-түйілетін қораптарын жасау және өндіріске енгізу, почта жөнелтімдерін өңдеу процестерінің жекелеген технологиялық рәсімдерін өзгерту;

3.1.1.2. Жаңа жабдықтардың енгізілуіне байланысты технологияларды өзгерту;

3.1.1.3. Почта жөнелтімдерінің жүріп-өту жылдамдығының артуына негізделген қызмет көрсетудің жаңа түрлерін игеру;

3.1.1.4. Почта байланысын пайдаланудың сапалық көрсеткішін бағалау нормативтерін және почта жөнелтімдерінің жеткізілуін жеделдету мақсатында жеткізудің бақылау мерзімін қайта қарау.

3.1.2. Жаңа технологияларды енгізу

3.1.2.1. Ақпараттық жүйені өңдеуге шығын жұмсамастан, жаңасын енгізуге және қолданыстағы автоматтандырылған жүйені жетілдіруге мүмкіндік беретін модульдік негізде ақпараттық жүйе құру.

3.1.2.2. Халықаралық почта жөнелтімдері жөніндегі деректерді жинау және өңдеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу. Мұндай жүйені енгізу транзиттік, келген және кеткен халықаралық почта жөнелтімдері жөнінде және олардың саны туралы күн сайын ақпараттар алып отыруға, олардың жүріп өткен жолы мен мерзімін бақылап отыруға мүмкіндік туғызады.

3.1.2.3. Халықаралық почта жөнелтімдерін бақылау модуль негізінде дамыған елдердің почта әкімшіліктерінің талаптарына сәйкес келетін машинамен оқылатын деректемелерді пайдалану мүмкіндігін көздейтін, барлық тіркелетін почта жөнелтімдерін толық бақылау модулін құру.

3.1.2.4. Құжат айналымының жалпы жүйесін әзірлеу және енгізу.

3.1.2.5. Қазақстанның Халық Банкімен бірлесіп, микропроцессорлық пластикалық карталар негізінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесін құру.

3.1.2.6. Іздестіруші және басқа да ақпараттық қызмет көрсететін ақпараттық-талдау орталығын құру.

3.1.3. Шетел мемлекеттерімен почта алмасу

3.1.3.1. Біртұтас почталық аумақты сақтау, әмбебап почталық байланыс қызметін көрсету, почта саласының қызметкерлерін оқыту мақсатында Дүниежүзілік почта одағының органдарымен, аймақтық почта одақтарымен, шетелдік почта әкімшіліктерімен ынтымақтастықты дамыту.

3.1.3.2. Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында әуе және құрғақ жол көліктерімен тасымалданатын почта жөнелтімдерінің жүріп өтетін бақылау мерзімін белгілеу және енгізу.

3.1.3.3. Қоғамның Дүниежүзілік почта одағының Халықаралық бюросы өткізетін халықаралық почта жөнелтімдерінің нақтылы жүріп өту мерзімін тексеру шараларына қатысуы.

3.1.3.4. Тіркелетін жөнелтімдердің сақталуын және халықаралық рынокта ұсынылатын әмбебап почта қызметінің сапалылығын көздейтін, Дүниежүзілік почта одағының Пекин конгресінде қабылданған өзгерістерге сәйкес шетелдік почта әкімшіліктерімен ақырғы шығындарды өтеу тәртібін өзгерту.

3.1.4. Көлік паркін жаңарту, инкассация және күзет қызметтерін дамыту

3.1.4.1. Ұлттық почта желісінің қазіргі кезде жарамайтын және заттық қасиеті ескірген көлік және вагон парктерін жаңарту.

3.1.4.2. Өз инкассация және күзет қызметтерін дамыту.

## 3.2. Бизнесті дамыту

### 3.2.1. Қызмет көрсетудің жаңа түрлері

Почтаның ықтималды мүмкіндіктерін пайдалану мақсатында көрсетіліп жүрген қызметтерді жандандырумен қатар, олардың жаңа түрлерін енгізе отырып, агенттік қызмет көрсету желісін құру және оны дамыту жоспарланып отыр:

1) Тапсырыстар бойынша жолдама заттармен сауда жасау жүйесі аясында, соның ішінде Интернет арқылы сервистік қызмет көрсете отырып "Тауар - почтамен" каталогы бойынша сауда ұйымдастыру және оны дамыту;

2) жеке және заңды тұлғаларға салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуі бойынша қызмет көрсету;

3) республиканың ауылдық аудандары тұрғындарына шағын несиелер беру;

4) зейнетақы қорларына, сақтандыру компанияларына, брокерлік фирмаларға, банктерге және басқа да ұйымдарға агенттік қызмет көрсету;

5) гибридтік почтаны ұйымдастыру;

6) почталық жарнама саласында қызмет көрсету.

Бұдан басқа, болашақта почта лотереяларын шығаруға, темір жол және авиабилеттерін сатуға, төлем карточкаларын шығаруға лицензия (рұқсат) алу көзделеді.

Халыққа шағын несиелер беру үшін қызметшілерді оқытуды ұйымдастыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын алу жоспарлануда.

### 3.2.2. Электрондық сауда

Қазақстан почтасын дамытудың болашақ бағыттарының бірі - қазіргі технологиялар, республикалық филиалдар желісі және халықаралық ынтымақтастықтың озық нысандары негізінде базасына электрондық сауда жасау жүйесін енгізу және оның ерекшелігі мен артықшылықтары мыналарда:

1) Қазақстан рыногына сауда жасаудың жаңа түрлерін енгізу;
2) почтаның қызмет көрсету аясын кеңейту;
3) уақытты, қаржылық және адам ресурстарын үнемдеу;
4) әрқилы топтардағы тұтынушылардың кең өрісті қаржылық, ақпараттық қызметтерге және тауарларға қол жеткізуі;
5) отандық өндірушілердің тауарлары рынокқа енуін бағыттау;
6) тұтынушылар мұқтаждығын бағамдау, нарықтық жағдайға тез бейімделу.

### 3.2.3. EMS Kazpost Курьерлік қызметін дамыту

EMS Kazpost Курьерлік қызметінің жұмысындағы басым бағыттар оны жаңғыртып жетілдіру және оның бәсекелестік қабілетін арттыру болады. Соған байланысты:

1) Қазақстан бойынша EMS Kazpost Курьерлік қызмет жүйесін автоматтандыру;
2) EMS халықаралық кооператив жүйесіне сәйкес келетін компьютерлік бақылап қадағалау жүйесін енгізу;
3) әлемнің ірі почта әкімшіліктерімен халықаралық жедел почта саласындағы ынтымақтастық;
4) почталық қызмет көрсетудің жылдамдығын арттыру және сапасын жақсарту мәселелері шешілуде.

EMS Kazpost курьерлік қызметін одан әрі дамыту - халықаралық EMS кооперативінің толық құқылы мүшелігіне жету және оның іс-шараларына қатысу , шетелдік почта әкімшіліктерімен және компанияларымен келісімдер жасау, әуежайларда жедел жөнелтімдерді өңдейтін учаскелер ұйымдастыру, шет елдерге жолданған жөнелтімдерді бақылап қадағалаудың жүйесін (штрих кодтар) енгізу арқылы жүзеге асырылады.

## 3.3. Қызметінің қаржылық нәтижелерін болжау

Дәстүрлі қызмет көрсетулерді дамытудан және жаңаларын енгізуден болатын күтілетін айналымды негізге ала отырып, 2001-2005 жылдарда мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарлануда:

| (млн.теңге) | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | 2005 |
|---|---|---|---|---|---|
| Кіріс | 3295,0 | 3626,2 | 3945,3 | 4135,0 | 4360,0 |
| Шығыс | 3181,0 | 3499,6 | 3783,3 | 3949,7 | 4140,7 |
| Таза табыс | 114,0 | 126,6 | 162,0 | 185,3 | 219,3 |

Қоғамның Есепке алу саясатына сәйкес негізгі құралдарға амортизация есептеу кезінде объектінің амортизацияланатын құны ай сайын тең сомада, салықтық есепке алу бойынша шекті нормалармен шектелген шеңберде тізімнен шығарылатын құнын бірқалыпты (тік сызықты) тізімнен шығару әдісі қолданылады. Материалдық емес активтерге тозуды есептеу пайдалану мерзіміне бірқалыпты есептеу әдісімен жүргізіледі.

Сатып алынатын жабдықтың негізгі бөлігін білдіретін компьютер техникасының жедел амортизациясына байланысты 2004-2005 жылдары амортизациялық аударымдар күрт төмендейді.

Почта байланысын компьютерлендіруді, көлік паркін жетілдіруді қаржыландыру, Қоғамның айналымдағы қаражатын толықтыру үшін банк-резиденттердің орта мерзімді және қысқа мерзімді кредиттерін тарту салдарынан 2001 жылы Қоғамның кредиторлық берешегі 2000 жылмен салыстырғанда 49% өседі. Кейінгі жылдары алынған кредиттер бойынша негізгі қарызды біртіндеп өтеуге байланысты банктердің алдында ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің төмендеуі болжанады.

### 3.4. Қаржы саясаты

3.4.1. Тәуелсіз көздерден ұзақ мерзімді инвестициялар тарту, Қазақстан Республикасының почта саласын одан әрі реформалау және почта-жинақ жүйесін құру мақсатында табысты арттыру есебінен қайтарымдылығын қамтамасыз ету.

3.4.2. Халықтың жинақ қаржысын тарту, кейіннен оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға және KASE листингінің А санатына енгізілген корпоративтік бағалы қағаздарға орналастыру.

3.4.3. Өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында қызмет көрсету сапасы мен көрсетілетін қызмет тарифтерінің өзара байланысты болуын қамтамасыз ету және икемді тарифтік саясат әзірлеу.

### 3.5. Болжамды тарифтер мен бағалар, оларды негіздеу

Үлкен үлесі монополияға қарсы заңнаманың қолданыс аясына кіретін анағұрлым әлеуметтік-маңызды қызмет көрсетулер тарифтерінің өзгеруін жоспарлау кезінде Қоғам осы қызметтерді көрсетудің өзіндік құны оларға белгіленген тарифтерден жоғары болуы жағдайын негізге алады. Мәселен, нақты өзіндік құнының қазіргі тарифтен асуы қарапайым хатты жіберу үшін 4%-дан жер бетіндегі көлікпен жіберілетін жолдама затты жіберу үшін 419%-ға дейін аралықта ауытқиды. Сонымен қатар осы қызметтерді көрсетуден шығындар қаржылық қызмет көрсетулерден түсетін кіріс есебінен жабылады. Екінші жағынан, почта байланысы қызмет көрсетулеріне баға құру ерекшелігі - осы қызмет көрсетулерге тарифтің төмендеуі олардың ең кіші көлеміне қол жеткізілгенде оның ұлғаюына әкелмейтіндігінде. Аталған жағдайлар

Қазақстанның ішінде жүзеге асырылатын жазбаша хат-хабарды, бандерольдерді, жолдама заттар мен мерзімдік басылымдарды жеткізу бойынша қызмет көрсету тарифтерін төмендетуді жоспарлауға мүмкіндік бермейді (1.1-кесте).

Таяу болашақта, почта жөнелтімдерінің көлемін ұлғайту мақсатында халықаралық почта жөнелтімдерін жіберу тарифтерін төмендету және почта жөнелтімдерін ТМД бойынша жіберу тарифтерін қайта қарау жоспарлануда.

### 3.6. Қоғамның дивидендтік саясаты, Қоғамның таза табысын бөлу, резервтік капиталды құру және пайдалану тәртібі

Қоғам ашық акционерлік қоғам ретінде бірінші жыл қызмет етуіне байланысты таза табысты бөлу тәртібі бастапқыда белгіленбеген. 2001 жылғы 9 сәуірде Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісі өткізілді, сонда Қоғамның таза табысын, резервтік капитал мен өзге де қорларының қаражатын пайдалану тәртібі бекітілді. Таза табысты бөлу 2001 жылдың ортасына жоспарланып отыр.

Осы Жоспарға Қосымшаның 1.1-кестесінің 8 және 9-тармақтарын дайындаған кезде мынадай жағдайлар ескерілді:

1) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мөлшері Қоғамның Жарғылық капиталының 15% құрайтын жоспарланған резервтік капиталды қалыптастыру.

2) Өтеу көзі резервтік капитал болып табылатын өткен жылдардың шығындары - 220,4 млн теңге. Акционерлердің жалпы жиналысы өткен жылдардың шығындарын құрылатын резервтік капитал есебінен төлеу туралы шешім қабылдай алады. Ондай жағдайда, Қоғам өткен жылдар шығындарының сомасына қосымша резервтік капитал құруы қажет.

3) 2002 жылы 1 286,2 млн. теңге сомасына акциялардың қосымша эмиссиясын шығару жоспарлануда (5.1.1-тармақты қар.), содан кейін жарғылық капиталдың мөлшері 2455,2 млн. теңгені құрайды. Өткен жылдардың 220,4 млн. теңге сомасындағы шығындарын өтегеннен кейін 368,3 млн. теңге сомасына резервтік капитал құру қажет. Осылай, өткен жылдардың шығындарын өтеу және резервтік капиталды құру үшін жалпы сома 588,7 млн. теңгені құрайды және Қоғамның 2003 жылға дейінгі қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесінде алынған табыс осы мақсаттарға жұмсалады. Бөлінбеген түсім пайда болғанда, 2004 жылдан дивидендтерді төлей бастау жоспарлануда.

### 3.7. Бюджетпен өзара қарым-қатынас

2001-2005 жылдарда аударуға жоспарланған жалпы мемлекеттік салықтардың жалпы сомасы 566,1 млн. теңгені, жергілікті салықтар 52,5 млн. теңгені құрайды.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғамның Жарғысына сәйкес "Қазпочта" ААҚ акционерлердің Жалпы

жиналысы шешімінің негізінде акционерлерге тиесілі акциялар бойынша дивидендтер төлеуі тиіс. Қоғамның 100% акциясын мемлекетке тиесілі болғандықтан, дивидендтер төлеуге аударылатын бүкіл сома мемлекеттік бюджетке түседі.

2001 жылға арналған республикалық бюджетте Ислам Даму Банкінің заемын қамтамасыз ету ретінде 9 млн. АҚШ доллары сомасына үкіметтік кепілдік беру көзделген (1.1-кесте)

Тезірек шешуді талап ететін мәселелердің бірі мерзімді әскери қызметкерлердің хаттары мен жолдама заттарын жіберу шығындарын өтеу болып табылады. Әскери хат-хабарды жіберуде тегін қызмет көрсету нәтижесінде 1995-2000 жылдары Қоғам шамамен 134,3 млн. теңгедей кірісті аз алды, ал 2001 жылдың 1-тоқсанында 11,6 млн. теңге алынбаған. Осы мәселе тиісті мемлекеттік органдармен келісе отырып шешімін табуды талап етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде "Кейбір заң кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қарауда жатыр. Осы жобада Қорғаныс министрлігі "Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабындағы мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлер жөнелтетін әскери хат-хабарды тегін жіберу туралы ережені алып тастауды ұсынып отыр.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.Тоқаевта 2001 жылғы 29 мамырда болған, 2001 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде болған кеңестің N 17-12-9/И-546 хаттамасына сәйкес Қоғам Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп "Қазпочта" ААҚ-ның 1995 жылдан 2001 жылғы шілдеге дейінгі кезеңде әлеуетті министрліктер мен ведомстволарға әскери хат-хабарды жіберу бойынша көрсеткен қызметтер шығыстарын өтеу жөніндегі қуыным-талаппен сотқа баруға ниетті.

Жоғарыда көрсетілген заң жобасына депутаттардың түзетулері мен ұсыныстары енгізілгеннен кейін мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлердің хат-хабарын жіберу жалпы негізде, осы шығыстарды әлеуетті құрылымдарды ақшалай ұстау енгізу арқылы жүзеге асырылады.

2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазпочта" ААҚ акцияларының қосымша эмиссиясын сатып алуға 1286,2 млн. теңге сомасында шығыстарды көздеу қажет. Қаражат 2001 жылы алу жоспарланып отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредитін өтеуге пайдаланылады.

Почтаға халыққа зейнетақылар мен жәрдемақыларды жеткізу және төлеу бойынша жоғалтқан әлеуметтік функцияларын қайтару мақсатында Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықпен республиканың ауылдық аудандарының

тұрғындарына зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу жөнінде тікелей Келісім жасасу және Қоғамның зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша шығыстарын республикалық бюджеттен өтеу жоспарлануда.

Бұдан басқа, Дүниежүзілік Почта Одағының іс-шараларына Қазақстан Республикасының толық құқылы қатысуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының 1994 жылдан бері мүшелік жарнасын төлеу бойынша Дүниежүзілік Почта Одағының алдындағы берешегін республикалық бюджет қаражаты есебінен жою қажет.

### 3.8. Инвестициялық бағдарлама

Жаңа техниканың, ақпараттық технологиялардың пайда болуы, бәсекелестіктің дамуы, тиімділігі жоғары және сенімді қызмет көрсетулерге қажеттіліктің өсуі салдарынан почта байланысын жылдам ауысатын нарық жағдайына тезірек бейімдеу қажеттілігі туындады.

Дәстүрлі қызметтер көрсету көлемінің құлдырауы почталық байланыс бөлімшелерінен нарықтық экономика жағдайында өзекті болатын, дәстүрден тыс , бірақ табысы жеткілікті қызмет түрлерін кеңейтуді талап етеді. Бұл бағыттағы қызметті дамыту үшін қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылым және қазіргі заманғы көлік, демек, инвестициялар қажет.

Почта саласында қаржы ресурстарын тартпай жағдайды тұрақтандыру бойынша жасалған бұрынғы іс-әрекеттер тек уақытша ғана әсер беретін, өйткені Қоғамда ауылдық жерлердегі шығынды желіні ұстау үшін едәуір қаржылық шығын жұмсаушы нағыз монополист ретінде, саланы жетілдіруді қаржыландыратын өзінің ішкі қаржы көзінің тапшы болуында, ал қазіргі заманғы жабдықтарды сатып алмай және желіні компьютерлендірмей, шығынды азайту да және көрсететін қызмет сапасын жақсарту да мүмкін емес.

Бұл қажеттілікті мойындаған Қазақстан Республикасының Үкіметі 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына почта байланысын жетілдіру және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жобасын енгізді . Осы жоба қазіргі почталық технологияларды енгізуді, Қоғамның байланыс бөлімшелерін компьютерлендіруді, инкассация қызметін жарақтандыруды, көлік паркін жаңартуды көздейді. Оны іске асыру почта қызметінің сапасы мен жұмыс істеу қауіпсіздігін арттыруға, әрбір почта бөлімшесінде кең ауқымды қызмет көрсетуге, көп тармақты почта бөлімшелері желісін пайдалану арқылы банкілердің, зейнетақылық және инвестициялық қорлардың қызметтерін ұсынатын агенттік желі құруға жағдай туғызады. Қоғам ең жедел қызмет көрсету рыногында табысты түрде бәсекелесуге және қаржылық қызмет рыногында белсенді түрде ілгері жылжуға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, саланы жетілдіруді басқа да тәуелсіз көздер арқылы қаржыландыру жоспарлануда.

Жалпы алғанда, шетелдік және отандық инвесторлар есебінен Қазақстанның почта саласына 22,5 млн. АҚШ долларынан аса қаржы салу жоспарлануда (3.1-кесте) және ол қаржы:

1) ақпарат беру үшін телекоммуникациялық желілерді құру;

2) почта бөлімшелерін компьютерлендіру;

3) қазіргі заманғы почталық технологияларды енгізу;

4) почта кеңселерін, кассалар мен айырбастау пункттерін банк жабдықтарымен және қауіпсіздік жүйелерімен жарақтандыру;

5) инкассация қызметін жарақтандыру;

6) көлік және вагон паркін жаңарту;

7) бірыңғай салалық стиль құру үшін байланыс бөлімшелері ғимараттарын жөндеу;

8) кассалық тораптар мен қоймаларды жөндеу және салу;

9) аудандық және облыстық бөлімшелерді күрделі жөндеу;

10) валюта айырбастау операцияларына жұмсалатын айналымдағы қаражатты толықтыру;

11) почта байланысы қызметкерлерін оқыту және олардың біліктілігін арттыру мақсатына жұмсалмақ.

3.8.1. Тартылатын қаражат есебінен іске асырылатын жобалар Почта саласын реформалау және почта-жинақ жүйесін құру бойынша бірінші кезекті міндет "Қазақстан Республикасының почта байланысын жетілдіру және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру" жобасын іске асыру болып табылады (3.1-кесте). Бұл жобаны қаржыландыруды мынадай көздер есебінен жүргізу жоспарлануда:

1. "Қазақстан Халық банкі" ЖАҚ-тың 5 жыл мерзімге, жылына 13%-бен 5 млн. АҚШ доллары сомасына берілетін несиесі, сыйақы ай сайын өтеледі (3.2-кесте).

2. Ислам Даму Банкінің 12 жыл мерзімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен, жылына 6%, 2 жыл - негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдік кезең деген шартпен берілетін жалпы сомасы 9 млн. АҚШ долларына несиесі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1286 млн. теңге (8,6 млн. АҚШ доллары) сомасына берілетін несиесі (3.2-кесте).

"Қазақстан Халық банкі" ААҚ мен Қазақстан Ұлттық Банкінен тартылған қаражатты жабу көзі Қоғамның өз капиталы болып табылады. Бұл ретте Қоғамның өз капиталы 1286 млн. теңге сомасына акциялардың қосымша эмиссиясы арқылы жарғылық капиталды ұлғайту есебінен көбейтіледі (1.1-кесте) .

Жобаның негізгі мақсаты клиенттерге жоғары сапада қызмет көрсетуді,

қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету, почталық және қаржылық қызметтердің жаңа түрлерін көрсетуді ұйымдастыру үшін почта қызметін ақпараттық және техникалық жетілдіру болып табылады. Жоба Почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін құрудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес жасалған және оны мына бағыттарда іске асыруды көздейді:

- ақпараттық инфрақұрылым құруды көздейтін және аса сенімді, жоғары жылдамдықты, құпиялылығы сақталған деректердің берілуін ұйымдастыруға бағытталған почта байланысын ақпараттандыру;
- ақпаратты өңдеудің біртұтас компьютерлік орталығын құру;
- қазіргі заманғы технологиялар мен жабдықты қолдану, почта жөнелтімдерінің жүріп өтуін бақылау, басқарушылық шешім қабылдаудың және оны іске асырудың жаңа қағидаттарына өту арқылы почта саласындағы жұмыстың сапасын арттыру;
- Қазақстан Республикасының почта саласын дүниежүзілік почта жүйесімен одан әрі біріктіруді тереңдету, шетелдік почта әкімшіліктерінің озық жетістіктерімен танысу және енгізу;
- қаржылық, почталық және агенттік қызмет көрсетулердің жаңа түрлерін дамыту.

Қазіргі уақытта байланыс бөлімшелерін компьютерлендіруді және жұмыс орындарын автоматтандыруды көздейтін және қызмет көрсетудің дәстүрлі түрінің технологиясын жетілдіріп қана қоймай, жинақ ісінің технологиясын да жетілдіруге мүмкіндік беретін почта байланысын ақпараттық және техникалық жетілдірудің бағдарламасы әзірленді.

Жобаны іске асыру нәтижесінде озық ақпараттық технологияларды енгізу және почта жабдықтарын жетілдіру арқылы почта тарапынан көрсетілетін қызмет сапасы едәуір жақсаратын болады, почта өнімдері мен қызметінің түрлері көбейіп, еңбек өнімділігінің артуына байланысты Қоғамның табысы да артпақ.

Сонымен қатар, почта-жинақ жүйесін дамыту бүкіл ел бойынша почта бөлімшелерінде қызмет көрсетілетін жинақ кітапшаларын және электрондық карточкалар енгізу арқылы қолма-қол ақша айналымын азайтуға мүмкіндік береді.

Қоғам өзінің барлық дерлік бөлімшелері кіретін, коммуналдық қызмет көрсету, телефон үшін шоттарды, салықтарды, айыппұлдарды төлеуге, авиабилеттерге тапсырыс беруге және түрлі тауарлар сатып алуға, көрсетілетін түрлі қызметтерді пайдалануға болатын ұлттық желі арқылы төлемдерді жүзеге асыра алады.

Байланыс бөлімшелері қызметкерлерінің жаңа әдістер мен технологияларды игеруі, жұмыс барысында қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалануы қызметшілердің біліктілік және білімділік деңгейін жоғарылатуға зор ықпалын

тигізеді.

Сонымен, жобаның енгізілуі және оның ауқымын ескере отырып қызметшілердің талап етілетін білімділік деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуы аймақтар және тұтас Қазақстан бойынша әлеуметтік-демографиялық жағдайға да ықпалын тигізеді.

3.8.2. Инвестициялар тартусыз іске асырылатын жобалар

Қазіргі жағдайда телекоммуникациялық қызмет көрсетуді және электрондық сауданы дамыту саласындағы жобаларға үлкен мән беріледі. Ақпараттық технологиялар мен Интернеттің дамуына байланысты дүниежүзілік саудада революция болып өтті. 2001 жылдан бастап почта саласын компьютерлендіру біртұтас ақпараттық-талдау орталығын, сондай-ақ қазіргі заманғы технологиялар , республикалық филиалдар желісі мен халықаралық ынтымақтастықтың озық нысандарының негізінде электрондық сауда жүйесін құруға мүмкіндік береді. Осы уақытта әзірленген "Электрондық сауда" жобасының ерекшелігі мен артықшылығы:

- қазақстандық рынокқа жаңа сауда түрлерін енгізу;
- қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың негізінде почтаның қызмет көрсету аясын кеңейту;
- уақытты, қаржы және адам ресурстарын үнемдеу;
- әртүрлі топтағы тұтынушылардың кең ауқымды қаржылық, ақпараттық қызмет көрсетулер мен тауарларға қол жеткізуі;
- отандық өндірушілердің тауарларын рынокқа енгізуге бағыттау;
- тұтынушылар мұқтаждығына бет бұру, нарықтық жағдайға жылдам бейімделу.

2001 жылдың ішінде халықаралық почта жөнелтімдері бойынша мәліметтерді жинаудың және өңдеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу жоспарлануда. Мұндай жүйені енгізу транзиттік, келетін және кететін халықаралық почта жөнелтімдерінің саны туралы ақпарат алуға, олардың жүріп өту жолдары мен мерзімін қадағалауға мүмкіндік береді. Кейіннен халықаралық почта жөнелтімдерін бақылау модулі негізінде барлық тіркелетін почта жөнелтімдерін толық бақылай алатын, дамыған елдердің почта әкімшіліктерінің тиісті талаптарына сәйкес, машиналар арқылы оқуға болатын деректемелерді пайдалану мүмкіндігін қарастыратын модуль құрылады.

3.8.3. Қоғамның 2001-2002 жылдарға арналған күрделі салым жасау бағдарламасы

21581,8 мың АҚШ доллары сомасындағы алынған заем қаражатын мыналарға жұмсау жоспарлануда:

- автокөлік, сауытталған арнайы автомобиль сатып алу - 2312,6 мың АҚШ доллары;

- почта вагондары үшін сейфтер сатып алу - 16,98 мың АҚШ доллары;
- почта вагондарын сатып алу - 1139 мың АҚШ доллары;
- почта вагондарын жөндеу - 253,2 мың АҚШ доллары;
- инкассация қызметі үшін қару мен сауыт сатып алу - 85,7 мың АҚШ доллары;
- касса тораптарын қайта жаңартуға, ғимараттарды жөндеу және сатып алу - 2938,9 мың АҚШ доллары;
- компьютер техникасын, желілік жабдықты, үздіксіз қоректендіру көздерін сатып алу - 8342,8 мың АҚШ доллары;
- почта жабдығын сатып алу - 2372,9 мың АҚШ доллары;
- кассалар мен айырбастау пункттері үшін жабдық сатып алу - 913,5 мың АҚШ доллары;
- почта қауіпсіздігі үшін жабдық сатып алу - 1653,6 мың АҚШ доллары;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 1477 мың АҚШ доллары (2.1- және 2.2-кесте).

**3.9. Әлеуметтік бағдарлама**

3.9.1. Шағын және орта бизнесті қолдау

"Табиғи монополиялар туралы" заңнамамен реттелетін құқықтық қарым-қатынас субъектісі бола отырып, Қоғам еншілес кәсіпорындар құруға құқысыз. Алайда "Қазпочта" ААҚ-ның 2001-2002 жылдарға арналған Шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасына сәйкес Қоғам Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпорындарының тиімді дамуына, жұмыс орындары санының көбеюіне, республикалық және жергілікті бюджеттер үшін салық салынатын базаны кеңейтуге жәрдемдеседі, тауарлар мен қызмет көрсетулер рыногында іскерлік және инвестициялық белсенділіктің дамуына жәрдемдеседі.

Статистикалық және талдау деректері көрсеткендей, шағын кәсіпорындардың едәуір бөлігі үшін ең күрделі мәселелердің бірі - үй-жайларды жалға алу мәселесі . Тұрғын емес үй-жайларды жалға алу бойынша жеңілдіктерді пайдалана отырып көптеген кәсіпорындар үнемделген қаражатын өз өндірісін дамытуға жұмсар еді. Қоғамның иелігінде қазіргі уақытта толық пайдаланылмайтын өндірістік алаңдар бар. Осыған байланысты Қоғамның өндірістік алаңдарын шағын және орта бизнес субъектілеріне жалға беру көзделуде. Бұдан басқа, өндірушілерге қалдық құны бойынша автокөлік қосалқы бөлшектерін, пайдалануға жарамсыз машиналарды және қолда бар басқа да техниканы сатуды қоса алғанда, шағын кәсіпкерлікке мүліктік қолдау көрсету жоспарлануда.

Әлеуметтік қорғалмаған тұрғындарды қолдау мақсатында Қоғам мүгедектер мен басқа да әлеуметтік қорғалмаған тұрғындардың еңбегін пайдаланатын шағын кәсіпорындарда кәсіпкерлік қызмет пен өндірісті дамыту үшін көп еңбекті қажет

ететін кейбір операцияларды орындауды (мысалы, маркаларды желімдеу, хаттарды іріктеу және т.б.) шағын кәсіпорындарда тапсырыс орналастыру арқылы қолайлы жағдай жасауды көздеп отыр.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызметті ақпараттық-анықтамалық қамтамасыз ету айрықша өзекті болып отыр. Осы орайда Қоғам шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін электрондық почта, көбейту және ұйымдастыруісі техникасын , Интернетке кіруді жеңілдік тарифпен ұсынуға дайын.

Бұдан басқа, шағын және орта бизнесті қолдау жөнінде жоспарланып отырған іс-шараларға отандық өндірушілердің өнімін жарнамалау кіреді және олар шағын және орта бизнес субъектілерінің бәсекеге төзімділігін арттыруға, почта жарнамасын тұрақты жүргізу арқылы оны рынокқа шығаруға бағытталған.

### 3.9.2. Кадр саясаты

Қоғамның кадр саясаты қызметшілерді алу, оқыту, олардың жұмыс тиімділігін бағалау, мансабын дамыту және көтермелеу процесін ретке келтіруге, сондай-ақ бүкіл жүйе бойынша қызметшілерді есепке алу және оның қызмет сатысы бойынша көтерілуі жөнінде құжаттамалардың бірыңғай нысандарын енгізуге бағытталған. Кадрлық саясат мынадай кезеңдерден тұрады:

1) қызметшілер мониторингі және жоспарлау;
2) қызметшілерді конкурс арқылы іріктеу және алу;
3) қызметшілерді оқыту, кәсіби даярлау және қайта даярлау;
4) қызметшілердің жұмысының тиімділігін бағалау;
5) ішкі резервті құру;
6) қызметшілерді дәлелді себеппен ұстау.

Қызметкерлерді оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру - почта қызметшілерінің кәсіби дамуының және олардың сапалық сипатын жақсартудың негізгі жолдары болып табылады. Осы орайда және Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, 2001 жылы Қоғамның қызметшілерін оқыту жөніндегі Оқу Орталығын ашу жоспарлануда. Оқу Орталығы дербес заңды тұлға мәртебесінсіз Қоғам бөлімшесі болады. Оқу Орталығын қаржыландыруға арналған қаражат "Қызметшілерді оқыту шығыстары" бабы бойынша Қоғамның шығыс сметасына салынады.

Қызметшілерді оқыту орталығының негізгі мақсаты Қазақстанда почталық және почта-жинақ қызметін көрсету саласындағы қызметкерлерді оқытудың және біліктілігін арттырудың қазіргі заманғы жүйесін құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін Орталық мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Қоғамның қызметкерлері үшін үйрететін семинар-тренингтер өткізу;

- Қоғамның қызметкерлерін қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға арналған оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдар әзірлеу және басып шығару;

- жеке сұраулар бойынша Қоғамның қызметкерлері үшін кеңес беруді қамтамасыз ету;

- ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге, почта байланысын дамыту және почта-жинақ жүйесін жетілдіру проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысу.

Басқарушы буын қызметкерлері Алматы қаласының Жоғарғы оқу орындарында және ТМД қалаларындағы оқу орталықтарында оқу бағдарламалары шеңберінде Қызметшілерді оқыту жөніндегі Алматы орталығында біліктілігін арттыру курстарына қатысады. Таяудағы бес жыл ішінде сала қызметкерлерін оқытуға және маманданған өзгертуге кемінде 42 млн. теңге салу жоспарлануда.

Облыс орталықтары мен ірі қалалардағы почта бөлімшелерінің қызметкерлерін брокер-дилер және тіркеушілер курстарында оқытқаннан кейін, оларға Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының біліктілік куәлігін беру бағдарламасы жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, сала мамандарының Қытайда, Германияда, Жапонияда, Түркияда және басқа елдерде Дүниежүзілік почта одағына мүше жекелеген елдермен жасалынған ынтымақтастық туралы келісімдер шеңберінде тағлымдамадан өтетіні жоспарлануда.

Оқыту бағдарламаларын, семинарларды, тренингтерді енгізу, почта-қаржылық сервис саласындағы әлемдік озық тәжірибелерді, басқару есебі мен менеджментті енгізу халықаралық почта қызметін көрсетудің сапасын жақсартуға, өндірістік және басқарушы қызметшілердің жұмыс тиімділігін, тұтас алғанда саланың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

### 3.10. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар

Қоршаған ортаны қорғау проблемасы соңғы кезде әлемдегі ең өзекті мәселелердің бірі болды. Почта қызметтерінің жұмыс ерекшелігіне байланысты жөнелтімдерді жинау және жеткізу үшін көлік құралдарын пайдаланусыз жұмыс істеу мүмкін емес. Алайда Қоғам өзінің даму барысында почта байланысының қоршаған ортаға теріс ықпалын жұмсарту жөнінде іс-шаралардың тұтас кешенін жүзеге асыруды көздеп отыр.

Осы іс-шаралар санына технологиялық жабдық паркін, соның ішінде көлік құралдарын жаңартуды, сүзбелер мен катализаторлар орнатуды, басқа отын түрлеріне көшуді жатқызуға болады. Қазіргі заманғы почта жабдығын және көлік құралдарының соңғы модельдерін жоспарланып отырған сатып алу анағұрлым

жоғары экологиялық стандарттарды көздейді.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда Қоғамның қазіргі және ықтимал кредиторларының (Қазақстан Халық банкі ААҚ, Ислам Даму Банкі) экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану және қоршаған ортаға жанама әсері жоқ технологияларды қолдану бөлігіндегі талаптары маңызды рөл атқарады. Инфрақұрылым дамығасын көлік құралдары үшін отын ретінде және ғимараттарды жылыту үшін сұйытылған газды қолдану жоспарлануда.

Болашақта, Ресей Федерациясының Федералдық почта қызметінің үлгісі бойынша штатқа технологиялық процестің экологиялық қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі маман енгізілуі мүмкін.

## 4. Қорытынды

Алға қойылған міндеттерді іске асыру тұрғындарға, әсіресе, ауыл тұрғындарына дәстүрлі почта қызметімен қатар кең ауқымды қаржылық және ақпараттық қызметтер көрсетуге, халықтың бос ақшасын еліміздің экономикасын қаржыландыру үшін жинауға мүмкіндік беретін ТМД аумағындағы бірінші почта-жинақ жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, почта-жинақ жүйесін дамыту бүкіл ел бойынша почта бөлімшелерінде қызмет көрсетілетін жинақ кітапшалары мен электрондық карточкаларды ендіру арқылы қолма-қол ақша айналымын төмендетуге мүмкіндік береді. Қоғам Қазақстанның почта-жинақ жүйесін қалыптастыру, жұмыстағы кемшіліктерді жою, почталық және қаржылық қызметтер көрсету сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениетті дамыту және Қазақстанның дүниежүзілік экономикаға одан әрі кірігуі жөнінде нақты іс-шаралар қолдану бағытын ұстануға ниетті.

Осы Даму жоспарын іске асыру нәтижесі почта-жинақ жүйесін құру, қызмет көрсету сапасын жақсарту және ауқымын кеңейту болады. Кірістің өсуі және көрсетілетін қызметтің өзіндік құнының төмендеуі саланы орнықты рентабельділік деңгейіне шығарады. Қоғамның әлеуметтік функцияларын рентабельді емес байланыс бөлімшелерін ұстау мүмкіндігін алу арқылы күшейту, әлемдік стандарттарға сәйкес почта-жинақ жүйесінің қызметтерін ұсыну - осының бәрі қазақстандықтардың ақпарат алуға конституциялық құқықтарын іске асыруға жәрдемдеседі.

Почта бөлімшелерін компьютерлендіру және барлық бөлімшелерді қамтитын ақпараттық желіні құру нәтижесінде клиенттер көптеген почта бөлімшелерінде қазіргі заманғы технологиялық деңгейде көрсетілетін қызметтерді пайдалану мүмкіншілігін алатын болады.

Дәстүрлі почталық қызметтерді дамыту, жаңа коммерциялық қызметтерді ендіру Қазақстанда ақпарат, ақша және тауар ағындары өтетін жүйені құруға

мүмкіндік береді. Дүниежүзілік ақпараттық кеңістікке және әлемдік экономикаға кіріге отырып, қазақстандық почта Қазақстанда ашық демократиялық қоғамды құруға жәрдемдеседі.

### 5. Қоғамның Даму жоспарына есептер

Қоғамның негізгі қызметінен түсетін табысының неғұрлым үлкен жеке үлесін почталық төлем белгілерін сатудан, жазбаша хат-хабардан, ақша аударымдарынан, жолдама заттардан, мерзімді басылымдардан және зейнетақы мен жәрдемақы төлеуден түсетін табыстар құрайды.

Бағалы қағаздарды орналастырудан, шетел валюталарымен операцияларды жүзеге асырудан, инкассациядан түсетін табыс баптары бойынша Қоғам алатын табыс өсімдері едәуір, өйткені қызметтің мұндай түрлері жақын арада ғана енгізіліп отыр және бұл баптар бойынша табыстың өсуі сөзсіз.

Негізгі емес қызметке агенттік, көліктік қызмет көрсетулерден, үй-жайларды жалға беруден алынатын табыстар кіреді. Шығыс бөлігі бойынша болжам жасау кезінде қосымша негізгі құралдарды сатып алу, қосымша материалдарға, электр қуатына, іссапар шығыстарына, қызметшілердің еңбекақысына шығындарды ұлғайту нәтижесінде амортизациялық аударымдардың ұлғаю сомалары ескерілді.

**1.1-кесте**

**"Қазпочта" ААҚ дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған Жоспары**

| | Өлшем бірлігі | 2000 ж. есеп | 2001 ж. баға | 2002 ж. болжам | 2003 ж. болжам |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Активтер | | | | | |
| Негізгі құралдар | млн.теңге | 1 278,8 | 1 581,7 | 2 531,4 | 2 183,4 |
| Негізгі құралдардың амортизациясы | - | 85,9 | 194,2 | 327,2 | 307,4 |
| Жарғылық капитал | - | 903,7 | 1 169,0 | 2 455,2 | 2 189,9 |
| Өндірілген өнім (жұмыс, қызмет көрсетулер) көлемі | | | | | |

2 . Барлығы:

_____________________________________________________________________

_ _ _ _ _

соның ішінде түрлер бойынша:
(шығатын ақылы алмасу) саны

_____________________________________________________________________

_ _ _ _ _

жазбаша хат-хабар !млн.дана ! 16,9 !14,6 !14,3 !13,6
ақша аударымдары !млн.дана ! 0,7 !0,8 ! 0,9 !1,0
зейнетақылар мен !млн.дана ! 11,5 !12,0 !12,5 !13,0
жәрдемақыларды төлеу
жолдама заттар !млн.дана ! 1,3 ! 1,2 ! 1,2 !1,3
мерзімдік басылымдар !млн.дана ! 65,2 !71,6 !69,5 !68,3

_____________________________________________________________________

_ _ _ _ _

өнім (жұмыс, қызмет бір бір.
көрсетулер) бірлігіне лігі үшін
келетін тарифтер теңге
(бағалар)

_____________________________________________________________________

_ _ _ _ _

почта карточкасын ! - !15(100%) !15(100%) !15(100%) !15(100%)
жіберу

_____________________________________________________________________

_ _ _ _ _

салмағы 20г дейін ! - !20(100%) !20(100%) !20(100%) !20(100%)
қарапайым хатты жіберу

_____________________________________________________________________

_ _ _ _ _

салмағы 20г дейін ! - !35(100%) !35(100%) !35(100%) !35(100%)
тапсырысты хатты жіберу

_____________________________________________________________________

_ _ _ _ _

салмағы 20г дейін ! - !45(100%) !45(100%) !45(100%) !45(100%)
бағалы хатты жіберу

_____________________________________________________________________

_ _ _ _ _

салмағы 50г дейін ! - !15(100%) !15(100%) !15(100%) !15(100%)

қарапайым бандерольді жіберу

_ _ _ _ _

салмағы 50г дейін ! - !20(100%) !20(100%) !20(100%) !20(100%)
тапсырысты бандерольді жіберу

_ _ _ _ _

салмағы 50г дейін ! - !20(100%) !20(100%) !20(100%) !20(100%)
бағалы бандерольді жіберу

_ _ _ _ _

жолдама заттарды ! !6-28,75 !6-28,75 !6-28,75 !6-28,75
жіберу (әрбір толық (100%) (100%) (100%) (100%)
және толық емес 500 г. үшін)

_ _ _ _ _

құны млн.АҚШ доллары

_ _ _ _ _

3. Экспорттың барлығы: млн.АҚШ
өнім түрлері бойынша: доллары
-
өнім түрінде саны

_ _ _ _ _

өнім (жұмыс, қызмет бір бір.
көрсетулер) бірлігіне лігі үшін
келетін тарифтер доллар
(бағалар)

_ _ _ _ _

құны млн.АҚШ доллары
соның ішінде ТМД -

елдері
алыс шетел -

_ _ _ _ _

4. Импорттың барлығы: млн АҚШ
өнім түрлері бойынша: доллары
-
өнім түрінде саны

_ _ _ _ _

өнім (жұмыс, қызмет бір бір.
көрсетулер) бірлігіне лігі үшін
келетін тарифтер доллар
(бағалар)

_ _ _ _ _

құны млн.АҚШ
доллары
соның ішінде ТМД -
елдері
алыс шетел -

_ _ _ _ _

5. Барлық қаржыланды. !млн.теңге! 438,1 !1 885,8 ! 2 705,5 !
ру көздері есебінен ! ! ! ! !
негізгі капиталға ! ! ! ! !
инвестициялар - ! ! ! ! !
барлығы: ! ! ! ! !
соның ішінде мемлекеттік ! ! ! !
бюджет қаражаты ! - ! ! ! 1 286,2 !
сыртқы заемдар ! ! ! ! !
есебінен ! - ! 267,1 !1885,8 ! 1 419,3 !
өз қаражаты есебінен - 2,2

_ _ _ _ _

6. Кіріс - барлығы: !млн.теңге!3067,0 !3295,0 !3626,2 !3945,3
Негізгі қызметінен ! ! ! ! !
кіріс, барлығы ! - !2820,0 !3161,0 !3478,2 !3785,3
Негізгі емес қызметі. ! - !247,0 !134,0 !148,0 !160,0

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| нен кіріс, барлығы | | | | | |
| 7. Шығыстар - барлығы | | 3064,8 | 3181,0 | 3499,6 | 3783,3 |
| Өнімнің (жұмыс, қызмет | | | | | |
| көрсетулер) | | | | | |
| негізгі түрлерінің | - | | | | |
| өзіндік құны - барлығы: | | 1948,3 | 2096,0 | 2238,8 | 2435,5 |
| соның ішінде: | | | | | |
| материалдар | - | 140,6 | 162,0 | 173,4 | 188,6 |
| қызметкерлердің | - | 745,4 | 830,8 | 884,8 | 962,9 |
| (өнд.қызмет.) | | | | | |
| еңбекақысын төлеу | - | | | | |
| қызметкерлердің | - | 179,2 | 205,8 | 220,2 | 239,6 |
| (өнд.қызмет.) | | | | | |
| еңбекақысынан | - | | | | |
| аударымдар | | | | | |
| өндіріс ақаулары | - | 343,2 | 360,1 | 385,4 | 419,2 |
| үстеме шығыстар | - | 539,9 | 537,3 | 575,0 | 625,4 |
| басқа да шығыстар | - | 970,4 | 1038,9 | 1205,9 | 1278,2 |
| Кезең шығыстары: | | | | | |
| соның ішінде: | | | | | |
| жалпы және әкімшілік | - | 940,9 | 951,2 | 1018,0 | 1107,2 |
| шығыстар | | | | | |
| іске асыру шығыстары | - | 12,7 | 14,7 | 16,2 | 17,4 |
| сыйақылар (пайыздар) | | | | | |
| бойынша шығыстар | | 16,5 | 72,7 | 171,3 | 153,0 |
| әлеуметтік салаға | - | 0,3 | 0,3 | 0,4 | 0,6 |
| шығыстар | | | | | |
| Негізгі емес қызметке | - | 44,0 | 5,8 | 10,0 | 12,0 |
| байланысты шығыстар | | | | | |
| Табыс салығы бойынша | - | 16,4 | 40,0 | 44,5 | 57,0 |
| шығыстар | | | | | |
| Басқа да шығыстар | - | 85,4 | | | |
| соның ішінде күдікті | - | 80,1 | | | |
| қарыздар бойынша | | | | | |
| провизиялар | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8. Таза табыс (шығын) | - | 2,2 | 114,0 | 126,6 | 162,0 |
| 9. Таза табысты бөлу, соның ішінде: | - | | | | |
| Дивидендтер | - | | | | |
| Резервтік қор | - | 2,2 | 114,0 | 126,6 | 162,0 |
| 10. Ұзақ мерзімді берешек - барлығы | - | 3,6 | 4,4 | 6,6 | 9,8 |
| оның ішінде сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі | - | | | | |
| 11. Кредиторлық берешек - барлығы | - | 2595,5 | 3880,2 | 3765,2 | 3643,2 |
| оның ішінде: | | | | | |
| клиенттердің депозиттері | - | 360 | 468 | 655 | 851 |
| жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша | - | 276,8 | 304,5 | 334,9 | 368,4 |
| банк кредиттері бойынша | - | 582,4 | 2036,0 | 2065,9 | 1965,9 |
| 12. Қызметкерлер саны | адам | 14903 | 15000 | 15180 | 15360 |
| 13. Жалақы қоры | млн.теңге | 1198 | 1400 | 1750 | 2187,5 |
| 14. Орташа айлық жалақы | теңге | 7775 | 10700 | 13400 | 16080 |

таблицаның жалғасы

| | Өлшем бірлігі | 2004 ж. болжам | 2005 ж. болжам | 2001 ж. 2000 ж. сал-нда % | 2005 ж. 2001 ж. сал-нда % |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Активтер | | | | | |
| Негізгі құралдар | млн.теңге | 1 912,6 | 1 715,5 | 123,7% | 108,5% |
| Негізгі құралдардың амортизациясы | - | 270,0 | 141,8 | 226,2% | 73,0% |
| Жарғылық капитал | - | 2 189,9 | 2 189,9 | 100,0% | 242,3% |
| Өндірілген өнім (жұмыс. қызмет көрсетулер) көлемі | | | | | |
| 2. Барлығы: | | | | | |
| соның ішінде түрлер бойынша: (шығатын ақылы алмасу) саны | | | | | |
| жазбаша хат-хабар | млн.дана | 13,5 | 13,3 | 86,4% | 91,4% |
| ақша аударымдары | млн.дана | 1,0 | 1,1 | 109,3% | 143,5% |
| зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу | млн.дана | 14,0 | 15,0 | 104,3% | 125,0% |
| жолдама заттар | млн.дана | 1,4 | 1,4 | 96,0% | 115,7% |
| басылымдар | млн.дана | 66,3 | 65,6 | 109,8% | 91,7% |

өнім (жұмыс, қызмет бір бір. көрсетулер) бірлігіне лігі үшін келетін тарифтер теңге (бағалар)

_ _ _ _ _

почта карточкасын ! - !15(100%) !15(100%) ! (100%) ! (100%) жіберу

_ _ _ _ _

салмағы 20г дейін ! - !20(100%) !20(100%) ! (100%) ! (100%) қарапайым хатты жіберу

_ _ _ _ _

салмағы 20г дейін ! - !35(100%) !35(100%) ! (100%) ! (100%) тапсырысты хатты жіберу

_ _ _ _ _

салмағы 20г дейін ! - !45(100%) !45(100%) ! (100%) ! (100%) бағалы хатты жіберу

_ _ _ _ _

салмағы 50г дейін ! - !15(100%) !15(100%) ! (100%) ! (100%) қарапайым бандерольді жіберу

_ _ _ _ _

салмағы 50г дейін ! - !20(100%) !20(100%) ! (100%) ! (100%) тапсырысты бандерольді жіберу

_ _ _ _ _

салмағы 50г дейін ! - !20(100%) !20(100%) ! (100%) ! (100%) бағалы бандерольді жіберу

_ _ _ _ _

жолдама заттарды ! !6-28,75 !6-28,75 !(100%) !(100%)
жіберу (әрбір толық (100%) (100%)

және толық емес 500 г. үшін)

---

_ _ _ _ _

құны млн.АҚШ долларды

---

_ _ _ _ _

3. Экспорттың барлығы: млн АҚШ өнім түрлері бойынша: доллары -

өнім түрінде саны

---

_ _ _ _ _

өнім (жұмыс, қызмет бір бір. көрсетулер) бірлігіне лігі үшін келетін тарифтер доллар (бағалар)

---

_ _ _ _ _

құны млн.АҚШ долларды

соның ішінде ТМД -
елдері
алыс шетел -

---

_ _ _ _ _

4. Импорттың барлығы: млн АҚШ өнім түрлері бойынша: доллары -

өнім түрінде саны

---

_ _ _ _ _

өнім (жұмыс, қызмет бір бір. көрсетулер) бірлігіне лігі үшін келетін тарифтер доллар (бағалар)

---

_ _ _ _ _

құны млн.АҚШ долларлары
соның ішінде ТМД -
елдері
алыс шетел -

_ _ _ _ _

5. Барлық қаржыланды. !млн.теңге! ! !430,5% !
ру көздері есебінен ! ! ! ! !
негізгі капиталға ! ! ! ! !
инвестициялар - ! ! ! ! !
барлығы: ! ! ! ! !
соның ішінде мемлекеттік ! ! ! !
бюджет қаражаты ! - ! ! ! 706,1% !
сыртқы заемдар ! ! ! ! !
есебінен ! - ! ! ! !
өз қаражаты есебінен -

_ _ _ _ _

6. Кіріс - барлығы: !млн.теңге!4135,0 !4360,0 !107,4% !132,3%
Негізгі қызметінен ! ! ! ! !
кіріс, барлығы ! - !3967,0 !4183,0 !112,1% !132,0%
Негізгі емес қызметі. ! - !168,0 !177,0 !54,3% !132,1%
нен кіріс, барлығы ! ! ! ! !

_ _ _ _ _

7. Шығыстар - барлығы ! !3949,7 !4140,7 !103,8% !130,2%

_ _ _ _ _

Өнімнің (жұмыс, қызмет! ! ! ! !
көрсетулер) ! ! ! ! !
негізгі түрлерінің ! - ! ! ! !
өзіндік құны - барлығы:! !2550,6 !2688,2 !107,6% !128,3%
соның ішінде: ! ! ! ! !
материалдар ! - !197,8 !208,7 !115,2% !128,8%
қызметкерлердің ! - !1005,8 !1058,7 !111,5% !127,4%
(өнд.қызмет.) ! ! ! ! !
еңбекақысын төлеу ! - ! ! ! !
қызметкерлердің ! - !251,3 !265,1 !114,8% !128,8%

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (өнд.қызмет.) | | | | | |
| еңбекақысынан | - | | | | |
| аударымдар | | | | | |
| өндіріс ақаулары | - | 439,7 | 463,8 | 104,9% | 128,8% |
| үстеме шығыстар | - | 656,0 | 692,0 | 99,5% | 128,8% |
| басқа да шығыстар | - | 1319,2 | 1358,3 | 107,1% | 130,7% |
| Кезең шығыстары: | | | | | |
| соның ішінде: | | | | | |
| жалпы және әкімшілік | - | 1161,4 | 1225,1 | 101,1% | 128,8% |
| шығыстар | | | | | |
| іске асыру шығыстары | - | 19,0 | 21,0 | 115,7% | 142,9% |
| сыйақылар (пайыздар) | - | | | | |
| бойынша шығыстар | | 138,1 | 111,3 | 440,6% | 153,1% |
| әлеуметтік салаға | - | 0,7 | 0,9 | 100,0% | 300,0% |
| шығыстар | | | | | |
| Негізгі емес қызметке | - | 14,0 | 16,0 | 13,2 | 275,9% |
| байланысты шығыстар | | | | | |
| Табыс салығы бойынша | - | 65,2 | 77,2 | 243,9% | 193,0% |
| шығыстар | | | | | |
| Басқа да шығыстар | - | | | | |
| соның ішінде күдікті | - | | | | |
| қарыздар бойынша | | | | | |
| провизиялар | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8. Таза табыс (шығыс) | - | 185,3 | 219,3 | 5181,8% | 192,4% |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9. Таза табысты бөлу, | - | | | | |
| соның ішінде: | | | | | |
| Дивидендтер | - | 50,0 | 170,6 | | |
| Резервтік қор | - | 135,3 | 48,7 | 5181,8% | 7,7% |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. Ұзақ мерзімді | - | 14,8 | 22,1 | 120,0% | 506,3% |
| берешек - барлығы | | | | | |
| оның ішінде сатып алу. | - | | | | |
| шылар мен тапсырыс | | | | | |
| берушілердің берешегі | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. Кредиторлық берешеу - барлығы | - | 3567,7 | 3483,2 | 149,5% | 89,8% |
| оның ішінде: клиенттердің депозиттері | - | 1 106 | 1 217 | 130,0% | 260,3% |
| жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша | - | 405,3 | 445,8 | 110,0% | 146,4% |
| банк кредиттері бойынша | - | 1 883,2 | 1 635,8 | 349,6% | 80,3% |
| 12. Қызметкерлер саны | адам | 15500 | 15700 | 100,7% | 104,7% |
| 13. Жалақы қоры | млн.теңге | 2520 | 3150 | 116,9% | 225,0% |
| 14. Орташа айлық жалақы | теңге | 18500 | 21300 | 137,6% | 199,1% |

**2.1-кесте**

**Барлық қаржыландыру көздері есебінен негізгі капиталға инвестициялар (күрделі салым)**

Кәсіпорынның атауы: "Қазпочта" ААҚ

2001-2005 жылдарға мың теңге

| | 1999 ж. есеп | 2000 ж. факті | Болжам 2001 ж. | 2002 ж. | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Республикалық | | | | | | | 1286245 |

бюджет қаражаты, соның ішінде:
_____________________________________
_ _ _ _ _
үкіметтік сыртқы заемдар
_____________________________________
_ _ _ _ _
2. Жергілікті бюджет қаражаты
_____________________________________
_ _ _ _ _
3. "Қазпочта" ААҚ өз қаражаты 2 189
_____________________________________
_ _ _ _ _
4. Мемлекеттік емес сектор кәсіпорындарының өз қаражаты
_____________________________________
_ _ _ _ _
5. Шетел инвесторларының қаражаты, соның ішінде:
_____________________________________
_ _ _ _ _
Үкімет кепілдік бермеген несиелер мен заемдар
_____________________________________
_ _ _ _ _
Үкімет кепілдік берген заемдар 1 419300
_____________________________________
_ _ _ _ _
гранттар
_____________________________________
_ _ _ _ _
6. Резидент-банктердің несиелері 28394 267071 1 885 845
_____________________________________

_ _ _ _ _

7. Басқа ұйымдардың заемдық қаражаты

___________________________________________________________________

_ _ _ _ _

8. Тұрғындар қаражаты

___________________________________________________________________

_ _ _ _ _

9. Лизинг (жылдық жарна сомасы)

___________________________________________________________________

_ _ _ _ _

10. Басқалар 168 811

___________________________________________________________________

_ _ _ _ _

**2.2-кесте**

**Барлық қаржыландыру көздері есебінен негізгі капиталға инвестициялар (күрделі салым)**

**2001 жылға Мың теңге**

| Көрсеткіштердің атауы | 2001 ж. | Соның ішінде тоқсандар бойынша: 1-тоқсан | 2-тоқсан | 3-тоқсан | 4-тоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Республикалық бюджет қаражаты, соның ішінде: | | | | | |
| үкіметтік сыртқы заемдар | | | | | |
| 2. Жергілікті бюджет қаражаты | | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. "Қазпочта" ААҚ өз қаражаты | | | | |
| 4. Мемлекеттік емес сектор кәсіпорындарының өз қаражаты | | | | |
| 5. Шетел инвесторларының қаражаты, соның ішінде: | | | | |
| Үкімет кепілдік бермеген несиелер мен заемдар | | | | |
| Үкімет кепілдік берген заемдар | | | | |
| гранттар | | | | |
| 6. Резидент-банктердің несиелері | 1885845 | 509660 | 89940 | 1 286 245 |
| 7. Басқа ұйымдардың заемдық қаражаты | | | | |
| 8. Тұрғындар қаражаты | | | | |
| 9. Лизинг (жылдық жарна сомасы) | | | | |

3.1-кесте

**Инвестициялық және институционалдық бағдарламалар**

Кәсіпорынның атауы: "Қазпочта" ААҚ

2001-2005 жылдарға
Мың теңге

| | 1999 ж. есеп | 2000 ж. факті | Болжам 2001 ж. | 2002 ж. | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жобаның аты: "Шкода" автомашиналарын сатып алу | | | | | | | |
| 1. Жобаның жалпы құны, соның ішінде: | | | 28394,0 | | | | |
| қаржыландыру көздері бойынша: | | | | | | | |
| 1.1. республикалық бюджеттен | | | | | | | |
| 1.2. жергілікті бюджеттен | | | | | | | |
| 1.3. ҚР Үкіметі кепілдік беретін заемдар мен несиелер | | | | | | | |

1.4. ҚР Үкіметі кепілдік бермейтін несиелер мен заемдар

1.5. Гранттар

2. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаражаты

3. Мемлекеттік емес сектор кәсіпорындары мен ұйымдарының өз қаражаты

4. Резидент-банктердің несиелері 28394

Жобаның атауы: Почта желісін жетілдіру және компьютерлендіру

1. Жобаның жалпы құны, 2 035745 1 419300
соның ішінде:

қаржыландыру көздері бойынша:

1.1. республикалық бюджеттен

1.2. жергілікті бюджеттен

1.3. ҚР Үкіметі кепілдік беретін заемдар мен несиелер 1 419300

1.4. ҚР Үкіметі кепілдік бермейтін несиелер мен заемдар

1.5. Гранттар

2. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаражаты

3. Мемлекеттік емес сектор кәсіпорындары мен ұйымдарының өз қаражаты

4. Резидент-банктердің несиелері 2 035 745

**3.2-кесте**

**Инвестициялық және институционалдық бағдарламалар**

Кәсіпорынның атауы: "Қазпочта" ААҚ

Жобаның атауы: Почта байланысын жетілдіру және компьютерлендіру

2001 жылға Мың теңге

Көрсеткіштердің атауы !2001 ж.!Соның ішінде тоқсандар бойынша
! !____________________________________

| | | 1-тоқсан | 2-тоқсан | 3-тоқсан | 4-тоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Жобаның жалпы құны, соның ішінде: | 2 035745 | 509 660 | | 239 840 | 1 286 245 |
| қаржыландыру көздері бойынша: | | | | | |
| 1.1. республикалық бюджеттен | | | | | |
| 1.2. жергілікті бюджеттен | | | | | |
| 1.3. ҚР Үкіметі кепілдік беретін заемдар мен несиелер | | | | | |
| 1.4. ҚР Үкіметі кепілдік бермейтін несиелер мен заемдар | | | | | |
| 1.5. Гранттар | | | | | |
| 2. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаражаты | | | | | |
| 3. Мемлекеттік емес сектор кәсіпорындары мен ұйымдарының өз қаражаты | | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. Резидент-банктердің несиелері | 2 035745 | 509 660 | 239 840 | 1 286 245 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК